

Қызылорда облысы бойынша 2021 жылға арналған басым дақылдар тізбесін және субсидия нормаларын, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемін бекіту туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 427 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 8 желтоқсанда № 25650 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына және "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 20209 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы бойынша 2021 жылға арналған басым дақылдар тізбесі және субсидия нормалары, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемі бекітілсін.

2. "Басым дақылдардың тізбесін және өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 18 маусымдағы № 56 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7527 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д. Жахановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрілігі

Г. Абдыкаликова

Қызылорда облысы әкімдігінің
2021 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 427 қаулысымен бекітілген

Қызылорда облысы бойынша 2021 жылға арналған басым дақылдар тізбесі және субсидия нормалары, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемі

№	Басым дақылдар тізбесі	Субсидия нормасы (1 тоннаға), теңге	Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемі, теңге
1	Мақсары	17 370,0	46 899 000,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК